

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1773 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж. № 20, 248-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген бөлімде:

«3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

«1.2.3. «Байқоңыр» кешенінің мүліктерін тиімді басқаруды және объектілерін қорғауды қамтамасыз ету» деген міндетте:

«Ресей Федерациясы жалға алғандардың қатарынан шығарылған «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы сақталған объектілердің саны» деген жолдың «2012 жыл» деген бағанындағы «140» деген сандар «131» деген сандармен ауыстырылсын;

«7. Бюджеттік бағдарламалар» деген бөлімде:

«7.1. Бюджеттік бағдарламалар» деген кіші бөлімде:

006 «Үкіметаралық келісім аясында агент банктерге бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша қызметтерді төлеу» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджеттік шығындар көлемі» деген жолдың «2012 жыл» деген бағанындағы «12 896» деген сандар «12 106» деген сандармен ауыстырылсын;

009 «Байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарын басқаруды қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджеттік шығындар көлемі» деген жолдың «2012 жыл» деген бағанындағы «1 208 063» деген сандар «1 199 158» деген сандармен ауыстырылсын;

015 «Ресей Федерациясы жалдау құрамына кірмеген және құрамынан шығарылған «Байқоңыр» кешені объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Ресей Федерациясының жалға алудан шығарылған, «Байқоңыр» ғарыш айлағы

нысандарының сақталуы» деген жолдың «2012 жыл» деген бағанындағы «140» деген сандар «131» деген сандармен ауыстырылсын;
«7.2. Бюджеттік шығындар жинағы» деген кіші бөлімде:
«2012 жыл» деген бағанда:
«бюджеттік шығындардың БАРЛЫҒЫ:» деген жолдағы «36 070 596» деген сандар «36 060 901» деген сандармен ауыстырылсын;
«ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдағы «2 973 159» деген сандар «2 963 464» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК